



**№4 (62)
2020**

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәріпбеков Р.Қ. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Конько В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Ресей)
Примаев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек, Қыргызстан)

Журнал редакциясы

Джамбуришин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ерлешева Д.Т.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж. 25.06.2019 ж.
(Алашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев к., 12/1
«Сулы-жасыл желекжол» БО
тел.: 8 (7172) 57-03-42

www.zqai.kz

E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Qazaqstan Respublikasy Zaǵnama ja'ne quyqytyq aqparat instituty

JARSHYSY

gylymi-quyqytyq jýrnal

Редакция бағанасы

Конституциялық және әкімшілік құқық

- Р.Қ. СӘРІПБЕКОВ** Құқықтық кеңістікті цифрландыру 12
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ Парла-
менттің заң шығару функциясы: нысаналы құзыреттілігінің кейбір мәсе-
лелері 25
С.К. ИДРЫШЕВА Қазақстан Республикасының заңнамалық ак-
тілерінде мемлекеттік тілді қолдану саласындағы конституциялық заң-
дылықтың жай-күйі 35
С.К. УКИН, Н. САУЛЕН Қазақстан Республикасында нормативтік
құқықтық актілердің күшіне енуіне және қолданысқа енгізілуіне заңдық
талдаудың кейбір мәселелері 42
Б.А. ҚАЛМЫРЗАЕВ, Қ.Т. БИТЕМИРОВ, Б. НАҚЫПОВ Қа-
зақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі тұрғысынан діни экстре-
мизмнің өзектілігін зерделеу мәселесі (Қазақстан Республикасының
Терроризмге қарсы орталығы қызметі шеңберінде) 48

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

- Е.В. ГОРЯЧЕВА** Заңды тұлғалар туралы заңнаманы қолданудың
кейбір мәселелері 61
С.А. ӘКІМБЕКОВА, М.Ж. БЕКТҰРҒАНОВ Қазақстан Республи-
касы Жоғарғы соты жанындағы халықаралық кеңес және оның азамат-
тық процестегі рөлі 66
Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ Мемлекеттік университеттердің азаматтық
құқықтық мәртебесінің реформасы: теориялық және практикалық мәсе-
лелер 73

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

- Д.А. ФИНК, А.В. ПИПТЮК** Адвокаттың сотқа дейінгі тергеу са-
тысында дәлелдеуге қатысуы (Қазақстан Республикасы мен Ресей Феде-
рациясының материалдары бойынша) 82
К.Х. РАХИМБЕРДИН, Ю.Р. ГЕТА Қазақстандағы пробация: қазір-
гі кезеңдегі қалыптасу мен дамудың бірегей тәжірибесі 91
Н.Ж. АҒЫБАЕВ, Н.Қ. ИМАНҒАЛИЕВ Пенитенциялық жүйеде
азаптауларды тергеу кезінде дәлелдемелерді процестік бекітудің кейбір
мәселелері 96

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

- Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ, А.Е. ӘБДІРАЙЫМОВА** Қазақстанның
жаңа экономикалық бағытының маңызды құрамдасы ретінде адамның
жеткілікті дәрежеде тамақтану құқығын қамтамасыз ету 104
Д.Б. АБДИЛЬДИНА, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Қазіргі әлемдегі цифр-
лық кеңістіктегі сөз бостандығының кейбір аспектілері туралы 112
Т.В. ГАШНИКОВА Беларусь Республикасының және Еуразиялық
экономикалық одаққа мүше басқа да мемлекеттердің заңнамасы бойын-
ша экологиялық нормалау шектері туралы 118
Э.С. АБДРАХМАНОВА Халықаралық азаматтық процестік
құқықтың заңнама жүйесіндегі орны мен рөлі 125

Құқықтық мониторинг

С.И. КЛИМКИН, Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы заңнаманың тиімділігін қоғамдық мониторингті іске асыру аясында талдау.....	132
А.Ө. ҚАЛИЕВА Заңдардың тиімділігін заңнама сапасын арттыру құралы ретінде талдау.....	142

Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан

Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселесі туралы.....	150
Н.А. ХАМЗИНА Заң шығармашылығындағы кейбір оң беталыстар.....	156

Ғылыми өмір хроникасы

«Қазақстан Республикасының конституциясы – қоғам мен мемлекетті әлеуметтік жаңғыртудың іргелі негізі» online-халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 26 тамыз.....	160
Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасында Қоғамдық сананы жаңғырту аясында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру және нығайту» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 1-2 қыркүйек.....	166
Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтында өткізілген көрмелер туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл.....	170

«Жаршының» архивтік беттері

Ғ.С. САПАРҒАЛИЕВ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы кейбір пікірлер (ҚР ЗИ Жаршысы №1-2006 ж. - 5-8 бб.).....	173
Д.Б. ТЕБАЕВ Академик Ғ.Сапарғалиевтің Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	177

Есімнама

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.О. Құлжабаеваның мерейтойына орай.....	180
---	-----

Библиография

Р.С. Бевзенконың «Введение в российское право недвижимости». Вып. 2: «Принцип единства судьбы прав на земельный участок и на строения на нем» атты кітабына рецензия – М.: М-Логос, 2020. — 99 б.....	181
---	-----

Даналық ойлар	182
----------------------------	-----



**№4 (62)
2020**

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации Республики
Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпиев Р.К. (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Узила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный деятель
культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан, Казах-
стан)
Князова А.Ж. – (Нур-Султан, Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Камен-
огорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала

Джамбулшин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29
Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан
(Первичная постановка на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, ул. Д. Конаева, 12/1
БЦ «На Водно-зеленом бульваре»
тел.: 8 (7172) 57-03-42
www.zqai.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал

Колонка редакции 8

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Цифровизация правового пространства 12
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ Законо-
дательная функция парламента: некоторые вопросы предметной компе-
тенции 25

С.К. ИДРЫШЕВА Состояние конституционной законности в сфере
применения государственного языка в законодательных актах Республи-
ки Казахстан 35

С.К. УКИН, Н. СӘУЛЕН Некоторые вопросы юридического анали-
за вступления в силу и введения в действие нормативных правовых актов
в Республике Казахстан 42

Б.А. ҚАЛМURЗАЕВ, Қ.Т. БИТЕМИРОВ, Б. НАКИПОВ К вопро-
су об актуальности изучения религиозного экстремизма в контексте на-
циональной безопасности Республики Казахстан (в рамках Антитеррори-
стического центра Республики Казахстан) 48

Гражданское и гражданско-процессуальное право

Е.В. ГОРЯЧЕВА Некоторые проблемы применения законодатель-
ства о юридических лицах 61

С.А. АКИМБЕКОВА, М.Ж. БЕКТУРГАНОВ Международный совет
при Верховном Суде Республики Казахстан и его роль в гражданском
процессе 66

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Реформы гражданско-правового статуса госу-
дарственных университетов: теоретические и практические вопросы 73

Уголовное право и уголовный процес

Д.А. ФИНК, А.В. ПИПТЮК Участие адвоката в доказывании на
стадии досудебного расследования (по материалам Республики Казах-
стан и Российской Федерации) 82

К.Х. РАХИМБЕРДИН, Ю.Р. ГЕТА Пробация в Казахстане: уни-
кальный опыт становления и развития на современном этапе 91

Н.Ж. АГИБАЕВ, Н.К. ИМАНГАЛИЕВ Некоторые вопросы про-
цессуального закрепления доказательств при расследовании пыток в пе-
нитенциарной системе 96

Международное право и сравнительное правоведение

Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, А.Е. АБДИРАЙЫМОВА Обеспечение
прав человека на достаточное питание как важнейшая составляющая но-
вого экономического курса Казахстана 104

Д.Б. АБДИЛЬДИНА, М.Ж. КУЛИКПАЕВА О некоторых аспектах
свободы слова в цифровом пространстве в современном мире 112

Т.В. ГАШНИКОВА О пределах экологического нормирования по
законодательству Республики Беларусь и других государств-членов Ев-
разийского экономического союза 118

Э.С. АБДРАХМАНОВА Место и роль международного гражданско-
го процессуального права в системе законодательства 125

Правовой мониторинг

С.И. КЛИМКИН, А.Г. КАЗБАЕВА Анализ эффективности законодательства Республики Казахстан о Национальной палате предпринимателей в свете реализации общественного мониторинга.....	132
--	-----

А.У. КАЛИЕВА Анализ эффективности законов как инструмент повышения качества законодательства.....	142
--	-----

Из практики законотворчества на государственном языке

Г.К. АКЫЛБЕКОВА Об обеспечении аутентичности текстов законов на казахском и русском языках.....	150
--	-----

Н.А. ХАМЗИНА Некоторые положительные тенденции в законотворчестве.....	156
---	-----

Хроника научной жизни

Информационное сообщение об online-международной научно-практической конференции «Конституция Республики Казахстан – фундаментальная основа социальной модернизации общества и государства», г. Нур-Султан, 26 августа 2020 года.....	162
---	-----

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания», посвященной 25-летию Конституции Республики Казахстан, г. Нур-Султан, 1-2 сентября 2020 года.....	167
--	-----

Информационное сообщение о выставках, проведенных в Институте законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Нур-Султан, 2020 год.....	171
---	-----

Архивные страницы «Вестника»

Г.С. САПАРГАЛИЕВ Некоторые соображения о местном самоуправлении в Республике Казахстан (статья в Вестнике ИЗ РК №1-2006 г. - С. 5-8).....	173
--	-----

Д.Б. ТЕБАЕВ Возвращаясь к научной публикации академика Г. Сапаргалиева о местном самоуправлении в Республике Казахстан.....	177
--	-----

Персоналии

К юбилею кандидата юридических наук, доцента Кулжабаевой Ж.О.....	180
---	-----

Библиография

Рецензия на книгу Бевзенко Р.С. Введение в российское право недвижимости. Вып. 2: Принцип единства судьбы прав на земельный участок и на строения на нем. - Москва: М-Логос, 2020. — 99 с.....	181
--	-----

Мудрые мысли	182
---------------------------	-----



№4 (62)
2020

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute
of Legislation and Legal information
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894 from
05.30.2013)

Editorial Council members
Sarpekov R.K. (Nur-Sultan, Kazakhstan) –
(Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Murmetov G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Chief Editor
Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiyembetov M.A. – Honored Worker of Culture
of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kiyazova A.Zh. – (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Nurmagambetov R.G. – PhD
(Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk,
Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyr-
gystan)

The editorial staff
Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media
№17761-G from 25.06.2019 from
the Information Committee of the Ministry
of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration №6592-
Zh.07.09.2005.)

Address:
The Republic of Kazakhstan,
010000, Nur-Sultan, D. Konaev str., 12/1
BC «On the water-green boulevard»
tel.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal

Editorial.....10

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Digitalization of the legal space.....	12
L.T. ZHANUZAKOVA B.K. NURGAZINOV, A.A. KARAEV Legislative function of the parliament: some of the issues of substantive competence.....	25
S.K. IDRYSHEVA State of constitutional legality in the sphere of state language application in the legislative acts of the Republic of Kazakhstan.....	35
S.K. UKIN, N. SAULEN Some questions a legal analysis of the entry into force and enactment of regulatory legal acts in the Republic of Kazakhstan.....	42
B.A.KALMYRZAEV, K.T. BITEMIROV, B. NAKIPOV On the relevance of studying religious extremism in the context of national security of the Republic of Kazakhstan (within the framework of the Anti-terrorist center of the Republic of Kazakhstan).....	48

Civil and Civil Procedure Law

Y.V. GORYACHEVA Some problems in applying the law on legal entities.....	61
S.A. AKIMBEKOVA, M.ZH. BEKTURGANOV International council of the Supreme court of the Republic of Kazakhstan and its role in civil proceedings.....	66
B.O. ALTYNBASOV Reforms of the civil legal status of public universities: theoretical and practical issues.....	73

Criminal law and Criminal procedure

D.A. FINK, A.V. PEPTYUK Participation of a lawyer in evidence at the pretrial investigation stage (based on the materials of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation).....	82
K.KH. RAKHIMBERDIN, J.R. GETA Probation in Kazakhstan: unique experience of formation and development at the present stage.....	91
N.ZH. AGIBAYEV, N.K. IMANGALIEV Some issues of procedural consolidation of evidence in the investigation of torture in the penitentiary system.....	96

International law and Comparative law

Y.A. ABAIDELDINOV, A.Y. ABDIRAIYMOVA Ensuring the human right to adequate food as an essential part of Kazakhstan's new economic course.....	104
D.B. ABDILDINA, M.ZH. KULIKPAEVA Some aspects of freedom of speech within digital space in the modern world.....	112
T.V. GASHNIKOVA On the framework of environmental normalization under the legislation of the Republic of Belarus and other member states of the Eurasian economic union.....	118
E.S. ABDRAKHMANOVA The place and role of International civil procedure law in the legal system.....	125

Legal monitoring

S.I. KLIMKIN, A.G. KAZBAYEVA Analysis of the effectiveness of legislation of the Republic of Kazakhstan on National chamber of entrepreneurs in the light of implementation of public monitoring.....132

A.U. KALIEVA Analysis of the effectiveness of laws as a tool to improve the quality of legislation.....142

From the lawmaking practice in the official language

G.K. AKYLBEOVA On ensuring the authenticity of the law texts in kazakh and russian languages.....150

N.A. KHAMZINA Some positive trends in law-making.....156

The Chronicle of Scientific Life

Informational note about online-international scientific and practical conference «The Constitution of the Republic of Kazakhstan is the fundamental basis for the social modernization of society and the state», Nur-Sultan, August 26, 2020.....164

Information note on the international scientific and practical conference «Formation and strengthening in the Republic of Kazakhstan of the professional legal culture of civil servants in the light of the modernization of public consciousness», dedicated to the 25th anniversary of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, September 1-2, 2020.....168

Informational note about exhibitions held at the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan city of Nursultan, 2020.....170

The archive pages of the«Bulletin»

G. SAPARGALIYEV «Some considerations on local self-government in the Republic of Kazakhstan» (article in the Bulletin of the IL RK No. 1-2006 - P. 5-8).....173

D.B. TEBAYEV Returning to academician G. Sapargaliyev's scientific publication on self-government in the Republic of Kazakhstan.....177

Personalities

For the anniversary of the candidate of legal Sciences, associate Professor Zh.O. Kulzhabaeva.....180

Bibliography

Review of the book Bevzenko R.S. Introduction to Russian real estate law. 2: the principle of unity of the fate of rights to land and buildings on it. - Moscow: M-Logos, 2020. - 99 p.....181

Wise thoughts.....182

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗАҢ МӘТІНДЕРІНІҢ ТЕҢТҮПНҰСҚАЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Гүлжан Кәрімқызы Ақылбекова

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат
институты Лингвистика орталығының жетекші
ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: akelbekova@mail.ru

Түйін сөздер: теңтүпнұсқалық, терминологиялық бірізділік, заң лексикасы, заңнама стилі, тілдік норма, аударма сәйкессіздіктері, құқықтық-лингвистикалық талдау.

Аннотация. Мақала қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселесіне арналған. Мақалада қазақ тіліндегі заң мәтінін түпнұсқа тілдегі (орыс тіліндегі) нұсқасына сай ету, заңның орысша түпнұсқасынан аударылатын мәтіннің сапасын жетілдіру мәселелері қаралған. Заң мәтіндерінде орын алған тілдік кемшіліктер мен олқылықтарға талдау жасалған.

Қолданыстағы заңнама мәтіндерінде кездесетін аударма сәйкессіздіктері, арнайы және жалпы терминдердің қолданылуы, салалық және салааралық терминдердің арақатысын белгілеу, терминологиялық бірізділіктің сақталмауы сияқты түйткіл мәселелер қарастырылып, тілдік кемшіліктер көрсетілген.

Аударма барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұнын мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын аударма сәйкессіздіктері жиі орын алып жүр. Мәселен, «непреодолимая сила» деген сөз тіркесі қазақ тіліне түрліше нұсқада аударылып, қолданылып жүр: «бой бермейтін күш», «еңсерілмейтін күш», «еңсерілмес күш» «дүлей күш», «ырық бермес күш». Бірнеше нұсқадағы жарыспалы қолданыстардың Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген және қолданыстағы заңнамада орныққан тұлғасы пайдаланылуға тиіс.

Автор қолданыстағы заңнама мәтіндерін зерделей келе мынадай тұжырымдар жасайды: 1) мемлекеттік тілдегі заң жобаларын әзірлеу және материалдарды ресімдеу жөніндегі ұсынымдар және ғылыми лингвистикалық сараптама сараптама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар қамтылатын арнайы әдістемелік құралдар дайындау қажет; 2) қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын қамтитын академиялық грамматикалар, нормативті сөздіктер және анықтамалықтардың тізімін анықтап, нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттілігі туындап отыр; 3) заңнамалық акт жобаларының мемлекеттік тілдегі нұсқасы түрлі мамандар талқысынан өтіп, заң жобалау жұмыстарының барлық сатыларында жан-жақты сараптаудан өткізілуге тиіс. Осы алғышарттардың іске асырылуы орыс және қазақ тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету қағидатының жүзеге асырылуына септігін тигізетіні сөзсіз. Бұл өз кезегінде ұлттық заңнама сапасының көрсеткіші де болар еді.

ОБ ОБЕСПЕЧЕНИИ АУТЕНТИЧНОСТИ ТЕКСТОВ ЗАКОНОВ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

Ақылбекова Гульжан Каримовна

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики
Института законодательства и правовой информации
Республики Казахстан, кандидат филологических наук,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: akelbekova@mail.ru

Ключевые слова: аутентичность, терминологическое единство, юридическая лексика, законодательный стиль, языковая норма, несоответствия в переводе, юрико-лингвистический анализ.

Аннотация. Статья посвящена вопросам обеспечения аутентичности текстов законов на казахском и русском языках. В работе проанализированы имеющиеся языковые недостатки и пробелы в текстах законов в текстах законов. Проведен анализ на установление соотношения терминов в текстах законов с терминами, применяемыми в национальном законо-

дательстве. Вследствие чего, выявлены такие недостатки, как несоответствие перевода, встречающиеся в текстах действующего законодательства, несоблюдение терминологической последовательности. Приведены примеры из текстов действующего законодательства, имеющих несоответствия переводов специальных и общих терминов, соотношения отраслевых и межотраслевых терминов, несоблюдение терминологической последовательности и другие языковые недостатки.

В текстах законов на государственном языке часто допускаются несоответствие перевода, вызванное неумением понимания смысла слова и различием содержания и объема понятия. Например, словосочетание «непреодолимая сила» переводится на казахский язык и применяется в разных вариантах: «бой бермейтін күш», «еңсерілмейтін күш», «еңсерілмес күш», «дүлей күш», «ырық бермес күш». В целях единообразия рекомендуется использовать слова и термины, утвержденные Государственной терминологической комиссией и применяемые в действующих нормативных правовых актах Республики Казахстан.

Автор, изучив тексты действующего законодательства, делает следующие выводы: 1) необходимо разработать специальные методические пособия, содержащие рекомендации по разработке законопроектов и оформлению материалов на государственном языке и методические рекомендации по проведению научной лингвистической экспертизы; 2) существует необходимость нормативного утверждения перечня академических грамматик, нормативных словарей и справочников, содержащих нормы современного казахского литературного языка; 3) также проекты законодательных актов на государственном языке должны проходить обсуждение различных специалистов и проведение всесторонней экспертизы на всех стадиях законопроектных работ.

Безусловно, реализация этих предпосылок будет способствовать реализации принципа обеспечения аутентичности текстов закона на русском и казахском языках. Это было бы показателем качества национального законодательства.

ON ENSURING THE AUTHENTICITY OF THE LAW TEXTS IN KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGES

Akylbekova Gulzhan Karimovna

Leading scientific researcher of the Center of linguistics
of the Institute of legislation and legal information
of the Republic of Kazakhstan, candidate of philological sciences,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: akelbekova@mail.ru

Keywords: authenticity, terminological unity, legal vocabulary, legislative style, language norm, inconsistencies in translation, legal and linguistic analysis, methodological recommendations.

Abstract. The article is devoted to the issues of ensuring the authenticity of the law texts in Kazakh and Russian languages. The article analyzes the existing language shortcomings and gaps. An analysis was conducted to determine the correlation of terms in the texts of laws with the terms used in national legislation. As a result, such shortcomings as translation inconsistencies found in the texts of current legislation and non-compliance with the terminology sequence were identified.

Examples are given from the texts of current legislation that have inconsistencies in the translation of special and general terms, the ratio of industry and inter-industry terms, non-compliance with the terminological sequence, and other language shortcomings.

In the process of translation, incompatible translation inconsistencies often occur, which arise from the inability to understand the meaning of a word and distinguish between the content and scope of the concept. Thus, the phrase «irresistible force» is translated into Kazakh in different ways and is used: «бой бермейтін күш», «еңсерілмейтін күш», «еңсерілмес күш», «дүлей күш», «ырық бермес күш». In several variants, a person approved by the State terminology Commission and fixed in the current legislation should be used.

The author, having studied the texts of current legislation and makes the following conclusions: 1) it is necessary to develop special methodological manuals containing recommendations for the development of draft laws and registration of materials in the state language and methodological recommendations for conducting scientific linguistic expertise; 2) there is a need for normative approval of the list of academic grammars, normative dictionaries and reference books containing the norms of the modern Kazakh literary language; 3) also, draft legislative acts in the state language should be discussed by various specialists and conduct a comprehensive examination at all stages of legislative work.

If these prerequisites are met, the principle of ensuring the authenticity of texts in the Russian and Kazakh languages will be implemented, which in turn would be an indicator of the quality of national legislation.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбатында мемлекеттік тіл жайын қозғай отырып: «Жаңа сын сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл - ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі - халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» деп келешекке айқын бағдар берді [1].

Мемлекеттік тіл құқықтық мәртебесіне сәйкес қолданылуы үшін қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыру маңызды міндеттер болып табылады. Осы тұрғыдан, ұлттық заңнама саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясы – кеңейте түсуді, ал сапасы – жетілдіруді талап етеді. Демек ұлттық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасын арттыру, жақсарту ісі де еліміздегі заң шығармашылығын жетілдіру қызметіндегі негізгі міндеттердің бірі болып отырған жайы бар. Өйткені тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қабылданған заңдардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасына тиісінше көңіл аударылған жоқ. Сол кезеңде заң мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың анықталмауы, терминдердің жүйеленбеуі, заң шығарушылардың еркі нақты әрі айқын да дәл жеткізілетін тілдік құралдардың екшелмеуі заңнамалық актілер тілінің сапасына өз әсерін тигізді.

Мемлекеттік тілдегі заңнама тілін жетілдіру және ұлттық заңнама сапасын жақсарту үшін қолданыстағы заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндері лингвистикалық негіздердің және заң техникасы талаптарының сақталуына қатысты зерттеп-зерделеуді қажет ететін бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып отыр.

Ғылыми сараптама заң шығармашылық процестің маңызды сатысы болып табылады.

Ғылыми сараптама жүргізу ғылыми зерттеулер пайдаланылып, қоғамдық қатынастарды реттеудің орындылығы мен қажеттілігін ғылыми тұрғыдан пысықтау ғылыми қағидаттың сақталуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық сараптама жүргізу барысында заңнамалық актілерді ресімдеу талаптары мен қағидаларына сәйкестігіне және заң техникасы ережелеріне сәйкестігіне тексеріледі. Бұл жерде қалыптасқан норма шығару практикасын ескеру қажеттігі туындайды. Мысалы, заң терминдерін бағалау кезінде белгілі бір термин осы заң жобасында сол бір мағынада қолданылуы; терминдердің жалпыға бірдей танылған мағынасының болуы; ұғымдар мен терминологияның қолданыстағы заңнамада қолданылатын ұғымдар мен терминологиямен бірдей болуы сияқты мәселелерге талдау жасау көзделген¹.

Ғылыми лингвистикалық сараптама «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін, 2011 жылы заңнамалық түрде бекітілді. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңында құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын басты талап - қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс деп айқын көрсетілген. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің құқықтық негіздері қолданыстағы заңнамада айқын белгіленген, сараптама жүргізудің егжей-тегжейлі тәртібі де регламенттелген².

Жалпы алғанда теңтүпнұсқалықты қамтамасыз ету – құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің заңнаманы бірдей түсінуіне және қолдануына бағытталған мемлекеттік шара. Ұлттық заңнама кәсіби заңгерлерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтары үшін түсінікті әрі қолжетімді болуға тиіс. Ол өз кезегінде заңдардың тиімді пайдаланылуына, құқықтың жүзеге асырылуы және құқықтық тәртіптің сақталуының негізі болып табылады.

Заңнамалық актілердің қазақ және орыс

¹ Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 800 бұйрығымен бекітілген Заң жобаларына заң (құқықтық) сараптамасын жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 5.4-тарамағы.

² «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары.

тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын сақтау өз алдына өте күрделі мәселе. Заңнама өз тілімізде жазылмаса да, заңнама тілі аударма арқылы қалыптасып, қолданысқа енгізіліп отырғаны белгілі. Бүгінгі күні заңнама тілі мен стилін қалыптастыруда ресми аударма бұл міндетті белгілі бір дәрежеде орындап келеді деп санауға болады. Бұған қолданыстағы заң мәтіндерін зерделей отырып та көз жеткізуге болады. Осы тұрғыдан, мемлекеттік тілдің орнығып, қолданылу аясының кеңеюіндегі ресми аударманың маңызын жоққа шығаруға болмайды. Әрине, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын, ұғымдық көкжиегін кеңейтуде бұл аздық етеді. Десек те, процесс жүріп жатыр.

Қолданыстағы заңнамалық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығын сақтау заңнамалық актілердің мемлекеттік тілге дұрыс аударылып, құқық нормаларының мазмұны анық, түсінікті, дәл тұжырымдалуы, заң шығарушының еркі айқын әрі бір ғана мағынаны білдіретін терминдердің бірізді қолданылуы негізгі талаптар болып табылады. Сонымен бірге, заңнама тілі мен стилі негіздеріне сай болуы, заңнамалық актілердегі терминдердің ұлттық заңнамада қолданылатын терминдермен арақатысын белгілеу, құқық нормаларының нақтылығын және айқындығын қамтамасыз ететін лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалардың сақталуын, мазмұндық толымдылық пен ықшамдылық заң мәтіндерінің құқықтық және практикалық маңызын арттырады.

Заңнама тілі (құқықтық актілер тілі) – заң мәтіні немесе басқа да құқықтық акт тілі қалыптасатын лексикалық, синтаксистік және стилистикалық құралдар жиынтығы. Бүгінгі күні заңнама тіліне ең қажеттісі: заң шығарушының еркі түсінікті әрі жеңіл жеткізіліп, мазмұн шынайылығы мәтіндік ой-пайымдаулардан ажырас үшін және адамдардың еркі мен санасына әсер етуде қажетті нәтижеге жетуде құқықтық нормалар лингвистикалық тұрғыдан анық тұжырымдалып, дәл мазмұндалуы тиіс. Аударылған мәтіндегі тілге түсініктілік, заңнама стилін сақтауға талпыну, сөйлемнің жатықтығы мен сөздер мен сөйлемдер арасындағы грамматикалық байланыстың бұзылмауы қағидатты мәселе болып отыр.

Аударма барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын аударма сәйкессіздіктері жиі орын алады. Түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін бір ғана ұғымды белгілеу үшін негізсіз пайдалану немесе бір термин немесе сөз тіркесін ғана пайдалану

жағдайлары түрлі ұғымдарды белгілеу үшін қолданылған тұстары да аз емес: кредит – несие, кредитор – несие беруші, кредитор – кредит беруші, финанс – қаржы, рынок – нарық тәрізді жарыспалы қолданыстар кездеседі. Сол сияқты «непреодолимая сила» деген сөз тіркесі қазақ тіліне түрліше нұсқада аударылып, қолданылып жүр: «бой бермейтін күш», «еңсерілмейтін күш», «еңсерілмес күш» «дүлей күш», «ырық бермес күш». Жарыспалы қолданыстардың Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген немесе ресми тілде стандартталған, сондай-ақ жазба тілде қолданылу жиілігі жоғары, яғни нормаға айнала бастаған тұлғасы пайдаланылуға тиіс. Субсидиарлық жауапкершілік – субсидиялық жауапкершілік (субсидиарная ответственность) сияқты түрлі ұғымдарды белгілеуде бір термин немесе сөз тіркесі ғана пайдаланылған. Мұндағы «субсидиарлық» және «субсидиялық» сөздерінің мағыналары түрліше ұғымдарды білдіреді.

Терминологиялық жүйенің бір ғана арнаулы саласын құрайтын әр түрлі ұғымдардың ортақ атаумен берілуі: шарт (договор, условие); тәртіп (порядок, дисциплина); көшірме (выписка, копия); түбіртек (квитанция, корешок); тізімдеме (опись, каталог) сияқты терминжасам барысында кездесетін кемшіліктер қолданыстағы заң мәтіндерінде де жіберілетін кемшін тұстардың бірі болып отыр [2].

Құқық нормаларының мазмұны анық, түсінікті, дәл тұжырымдалып, заң шығарушының еркін бір мағынада және айқын білдіру мәселесі баса назар аударуды қажет етеді. Құқық нормаларында дұрыс аударылмағандықтан, құқықтық мағынасы өзгеріп кеткен нормалар да ұшырасады. «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабында орыс тіліндегі «контакты» деген сөз «келісімшарттар» деп қате аударылған (дұрысы «байланыстар»)³. Осы Заңның 5 және 16-баптарында қонымсыз аударма сәйкессіздіктері де орын алған: 16-баптың 4-тармағында «...уполномоченного органа и государственных органов Республики Казахстан системы экспортного контроля» деген сөздер қазақ тілінде: «Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің уәкілетті органы мен мемлекеттік органдарының...» деген редакцияда жазылған. Осы жерде 5-бапта «уәкілетті органның және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының» деп берілсе, ұғымдық аппаратқа сәйкес «уполномоченный орган» және «государственные органы Республики Казахстан системы экспортного контроля» өз алдына дербес ұғымдар болғандықтан, осы сөздер 5-тармақта дұрыс қолданылған.

³ «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus>

Сөз қолданысын түзеу тек ұғымдарды дұрыс аудару ғана емес, сондай-ақ сөйлемдердің дұрыс құрылып, норма мазмұнын дәл бере білумен байланысты екендігін ескеріп,

түсінікті ету. Тілдік құралдарды орынды қолдана білу - дұрыс сөйлем құра білудің алғышарты. Жоғарыда көрсетілген Заңның 11-бабында:

Для обеспечения выполнения установленных настоящим Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан правил экспортного контроля при осуществлении внешнеэкономической деятельности в отношении продукции, которая может быть использована при создании оружия массового поражения, средств доставки и иных видов вооружения и военной техники, предотвращения правонарушений в указанной сфере участниками внешнеэкономической деятельности (заявителями) создаются внутрифирменные системы экспортного контроля.	Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жаппай қырып-жоятын қаруды, жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін өнімге қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде экспорттық бақылау ережелерін орындауды қамтамасыз ету, аталған салада құқық бұзушылықты болғызбау үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (мәлімдеушілер) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелерін құрады.
---	---

деп аударылған. Аударма сәйкессіздіктері және стильдік дәлсіздіктер салдарынан сөйлем дұрыс құрылмаған, логикалық ой күңгірттенген. Қазақ тілінің грамматикалық нормасы бұзылып, құқық нормасын түсіну барынша қиындаған, бұл теңтүпнұсқалық талабы сақталмағандығын көрсетсе керек. Жоғарыда көрсетілген баптың дұрыс аудармасы: «Жаппай қырып-жою қаруын, жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін өнімге қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау қағидаларының орындалуын қамтамасыз ету, аталған салада құқық бұзушылықты болғызбау үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (мәлімдеушілер) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелерін құрады.».

Осы Заңның 15-бабының 2-тармағында «вне территории Республики Казахстан» деген сөз тіркесі «Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде» деп аударылып, «кеден» деген сөз артық болып тұр. Осыған ұқсас кемшілік жоғарыда аталған Заңның 10-бабының 2-тармағында жіберілген: «уполномоченного органа» деген термин «уәкілетті мемлекеттік органның» деп аударылып, «мемлекеттік» деген сөз артық қолданылған.

«Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 3-тар-

мағының 1) тармақшасында «общедоступная информация» деген термин «жалпыға белгілі ақпарат» деп дұрыс аударылмаған⁴, яғни дұрыс нұсқасы «жалпыға қолжетімді». Осы Заңның 13-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында және 16-бабының 1) тармақшасында «спот-товар» деген сөздің фонетикалық тұрпатына мән берілмей, «спорт-тауар» деп өрескел қате аударылған. «Спот» деген сөздің «спортқа» ешқандай қатысы жоқ экономикалық термин болып табылады. Мәміле бойынша дереу төлем жүргізу кезіндегі есеп айырысу шарттарын білдіретін бұл сөздің осы Заңның ұғымдық аппаратында дұрыс қолданылғандығын айта кеткен дұрыс.

Қолданыстағы заңнамада біріздендіруді қажет ететін ұғымдар мен сөздер, тіркестер көп кездеседі. Мәселен, «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында 9-баптың 3) тармақшасында және осы Заңның бүкіл мәтінінде «осмотр» термині екі түрлі аударылған: 8-баптың 1) тармақшасында және 13-баптың 5-тармағында – «қарап-тексеру»; 9-баптың 3) тармақшасында - «тексеру».

Осы Заңда «обеззараживание» деген сөз 1-баптың өзінде (ұғымдық аппаратта) екі түрлі аударылған: 11) тармақшада «зарарсыздандыру», ал 18) тармақшада «залалсыздандыру» болып жазылған⁵. Заңның 13 және 18-баптарында қайтадан «зарарсыздандыру» болып жалғаса береді. «Залалсыздандыру» деген сөз «обезвреживание» деген сөздің мағынасын

⁴ «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus>

⁵ «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus/>

береді, яғни бұл терминнің дұрыс аудармасы «зарарсыздандыру» болуға тиіс.

Қазіргі уақытта заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде осы сөздер кездескен баптарда олар өзгертіліп, ал өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделмеген баптарда өзгертусіз қалып қоятындығымен түсіндіріледі. Осыған орай, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында бүкіл мәтін бойынша осы сөздер мен терминдерді бірізділікке келтіру қажет. Жалпы алғанда, стильдік, редакциялық тұрғыдан жақсартуды, терминдердің қазақ тілінде қолданылуын нақтылауды және дұрыс қолданылуын қажет ететін кемшіліктер мен олқылықтардың болмағаны дұрыс.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығын тексеру барысында біртүлді және екітүлді сөздіктер, сондай-ақ құқықтық ұғымдар мен олардың қолданылу саласы туралы ауқымды ақпарат қамтылатын түрлі анықтамалықтар дәстүрлі көмекші құралдар болып табылады [3; 4; 5]. Қазақ тіліндегі мәтіннің сапасын жетілдіру, құқық нормасының мағыналық мазмұнын дәл белгілеу және тілдік кемшіліктерді жою, қолданыстағы заңнамада қолданылатын терминдердің бірізділігін сақтау, заңнама тілінің және заң техникасының ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі қазақ тілі нормаларына сәйкестікке келтіруде ғылым әдебиеттерге, теориялық еңбектерге сүйену маңызды [6; 7].

Қазақ тіліндегі заң мәтінін түпнұсқа тілдегі (орыс тіліндегі) нұсқасына сәйкестікке келтіру, заңның орысша түпнұсқасынан аударылатын мемлекеттік тілдегі мәтіннің сапасын арттыру, орын алған тілдік кемшіліктер мен олқылықтарды жою, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді жою және тұжырымдарды нақтылау бойынша жұмыстар әлі де болса өз шешімін таппаған түйткілді мәселелер әлі де болса баршылық. Жинақталған тәжірибені зерделей келе, заң жобаларын әзірлеу және материалдарды ресімдеу жөніндегі ұсынымдарды және лингвистикалық сараптама жүргізу жөніндегі ұсынымдар қамтылатын арнайы әдістемелік құралдар дайындау

қажет деп білеміз.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерін ресімдеуде тілдің дәлдігі мен айқындылығы, құқық нормаларына қатысты нақтылығы өзекті мәселе болып отыр. Заңнама стилі әзірше ресми-іскери стиль аясында ғана қарастырылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан жете зерттелген жоқ. Аталған түйткілді мәселелердің болуы нақты материалдарға ғылыми зерттеу жүргізіліп, теориялық тұрғыдан заңнама стилі, оның лексика-фразеологиясы, тілдік құралдары айқындалып, іріктеліп екшелген кезде ғана өз шешімін таппақ.

Аталған мәселелер шешімін тапса, келешекте заңнамалық актілердің мемлекеттік тілде жазылып, әзірлеу бағытындағы жұмыстардың жандандануына септігін тигізеді деп білеміз. Мемлекеттік тіл дамуының қазіргі деңгейінде заң жобаларын әзірлеу ісі барлық мамандардың бірлесе отырып шешетін күрделі мәселе екендігі даусыз. Ендеше негізгі мақсат – мемлекеттік тілде заң қабылдау үшін заң жобаларын тікелей мемлекеттік тілде әзірлеуге, дайындауға қол жеткізу болып табылады.

Қолданыстағы заңнама мәтіндеріне жүргізілген шағын зерттеу барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

мемлекеттік тілдегі заң жобаларын әзірлеу және материалдарды ресімдеу жөніндегі ұсынымдар қамтылатын арнайы әдістемелік құралдар дайындау қажет;

тілдік нормаларды түсіндіріп, үйрететін ғылыми-практикалық, анықтамалық құралдар аз. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын қамтитын академиялық грамматикалар, нормативті сөздіктер және қажетті анықтамалықтардың тізімін анықтап, нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттілігі туындап отыр;

заңнамалық акт жобаларының мемлекеттік тілдегі нұсқасы заң жобалау жұмыстарының барлық сатыларында жан-жақты сараптауға түсіп, түрлі мамандар талқысынан өтсе ғана, орыс және қазақ тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету қағидаты жүзеге асырылып, ол өз кезегінде ұлттық заңнама сапасының белгілі бір көрсеткіші болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Қ. Тоқаев 2019 жылғы 2 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбаты.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. - Астана, 2009. - 160 б.
3. Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс, 1999. - 776.
4. Орфографиялық сөздік /Алтыншы басылым. - Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. - 720 бет.
5. Орысша-қазақша сөздік (жалпы ред. Мұсабаев F.F.) Алматы: Қазақ СЭ бас редакциясы, том I (А-О). 1978. — 576 б., том II (О - Я). 1981. — 590 б.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.

7. Баскаков Н.А. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. – Алматы: «Қазақ ССР-нің Ғылым» баспасы, 1966. - 459 б.

REFERENCES

1. ҚР Президенті Қ. Тоқаев 2019 жылғы 2 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбаты.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. - Астана, 2009. - 160 б.
3. Dictionary of the Kazakh language, Almaty: Higher school, 1999.
4. Spelling dictionary /sixth edit. -Almaty: publ.hous «Dauir», 2013. -720 p.
5. Russian-Kazakh dictionary (General literature). Musabaev V.) Almaty: General edition of the Kazakh see, vol. I (A-O). 1978. - 576 p., vol. II (O-Ya).
6. Kazakh grammar: Phonetics, words, morphology, syntax. - Astana, 2002. - 784 P.
7. Baskakov N.A. Sopostavitel'naja grammatika russkogo i kazahskogo jazykov. – Almaty: «Қазақ ССР-нің Ғылым» баспасы, 1966. - 459 б.

ӘОЖ: 811.512.122*35:811.124*06

ЗАҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЙБІР ОҢ БЕТАЛЫСТАР

Хамзина Назгул Амантайқызы

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық
ақпарат институты Лингвистика орталығының
аға ғылыми қызметкері; Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы; e-mail: abutai_79@mail.ru

Түйін сөздер: заңнама терминдері, қолданыстағы заңнама, терминдердің бірізділігі, мемлекеттік тіл, аударма.

Аннотация. Мақалада мемлекеттік тілдің іс жүзінде қолданылуына қатысты мәселенің орын алуына себеп болатын өзекті проблема көтерілген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілге деген ерекше құрметтің болуы тиістігіне баса назар аударады.

Термин сөзді контекстіне қарай қолдану шеберлігімен қатар, терминдер жүйесінің лингвистикалық табиғатын, заңнаманың түрлі саласының ұғымдар қолданылатын терминдерді біріздендіру сияқты терминологияға қатысты жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу, сараптаманың ғылыми негізі мен әдістемесін жетілдіру де кіреді.

Қолданыстағы заңнамада терминдердің қолданылуына қатысты заңнамалық және құқықтық-ресми тіркестердің іс жүргізу құжаттамаларындағы, құқықтық нормасы бар тұрақты тіркестердегі жиі кездесетін терминдік қолданыстарды саралаудың маңызды ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар заңнамалық тұрғыдан мысалдар келтіре отырып, олардың түпмәтіндік қолданылуының лексикалық кейбір сипаты туралы тұжырым жасалады. Атап айтқанда, қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің тиісті баптарын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қолданыстағы кейбір заңнамалық актілердің тиісті баптарын көрсете отырып, практика барысында тектүпнұсқалық мәселесі сөз етіледі.

Мақала соңында автор қалыптасқан заңнаманың мемлекеттік тілге аудармасының оң жағдайға жеткенін айта келе, қалыптастырылған заңнама тілі бұдан былай шет тілден енген, жаңадан шыққан терминдермен ғана толығады деп тиянақтайды.

НЕКОТОРЫЕ ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ЗАКОНОТВОРЧЕСТВЕ

Хамзина Назгуль Амантаевна

Старший научный сотрудник Центра лингвистики
Института законодательства и правовой информации
Республики Казахстан; г. Нур-Султан,
Республика Казахстан; e-mail: abutai_79@mail.ru